



Пән: Дене тәрбиесі

Тақырып:

Асық ату ойын ережесі.

Оқытушы: Шанашев Оразбай Камкенович

Тапсырмалар:

1. Асық ойыны неше жастан бастап ойынатылады?
2. Асық ойынының түрлерін жазыңыздар.
3. Асықтардың тұру қалыптарының атауларын жазыңыздар.





Асық ойынына
Бауыржан Момышұлы
атамыз «Асық – үлкен
халықтық тәрбие» деп
баға беріп, жоғары
билікке хат та жазған
екен.



Асық ату

Асық ату — ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген.

Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді.



Асық

Асық ату ойыны

Асық ойыны негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі – сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайлап жасайды. Асық ойынын жазды күні тақыр жерде ойнайды. Бір-біріне қарсы екі бала не бірнеше бала екі топқа бөлініп ойнаулары мүмкін. Ойынның негізгі шарты бір-бірінен асық ұту. Ату саны-6 рет. Алғаш сақасы шыққан бала, қалғандары одан кейінгі кезекте атады. Алты рет атыстан қалған кенейдің бәрі түпте қалған баланікі болып есептеледі.





Асық ойыны, баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері мол.



Асық түрлері

1.Кепей-ұсақ асық

2.Құлжа- арқардың аталығының асығы

3.Сақа -арқардың асығы

4.Жабайт- еліктің асығы

5.Топай- сиырдың асығы

6.Шүкейт- жас малдың асығы

7.Ойлақ- қойдың асығы

8.Ешкімек- ешкінің асығы



Асық түрлерінің аталуы мен оны иіру

1 Түйе асығы – бунасын

2 Жылқы асығы – қидасап

3 Сиыр асығы – топай

4 Қой-ешкінікі – кеней


5 Киік асығы – кигат

6 Арқардың асығы – қоңқар

7 Қасқыр асығы – бунақ

**Асық – төрт түлік мал мен аңдар тілерсегінде
болатын, бітісі бөлек, қызметі аса күрделі,
буынға біткен шымыр сүйек.**

**Ешкі, қой, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне
қарамастан сыртқы формасы бір пішіндес,
мүсіндес зат.**



Асық ирудің өз атаулары бар



Алшы

Төйке

Бүк

Шік

ОҢҚАЙ




СОЛАҚАЙ






АЛШЫ



ТӘЙКІ



БҮК



ШІК



ОҢҚЫ



ШОҢҚЫ



ҚЫҢЖЫ



Асық ойыны- түгелдей қозғалыс



- Баланың он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі. Асықтың атып ойнайтын түрі үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады.



Асық ойындары



Бұл ойынды да тек асығы бар балалар ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Әрине, асықты қыз балалар ойнамайды. Бұл ойынның түпкі мақсаты-асық ұтып алу.

ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ


Көнге барлық ойыншы бір-бірден асық тігеді. Содан соң, бір бала ойыншылардың кезектерін анықтау үшін басқалардың сақасын жинап алып, иіреді. Яғни, кімнің кімнен кейін асық ататынын анықтайды. Иірген кезде алшы түскен сақаның иесі - бірінші, тәйке түскеннің иесі – екінші, бүк түскендікі – үшінші, шік түскендікі – төртінші атады. Атқан кезде, атылған асық пен сақа бір жақты алшы немесе тәйке, бүк, шік түссе асықты алып ары қарай ата береді. Яғни, атқан кезде – сақа алшы түсіп, асық кез келген түрде жатса, егер сақа тәйке түсіп – асық та тәйке түссе, егер сақа да, асық та бүк, немесе шік түссе, мұндай жағдайда асықты алып, ары қарай ата береді. Қалған басқа жағдайда ешкім де асықты алмайды. Асықты атқан кезде де ойыннан шығып қалатын жағдай болады. Егер асықты атқан кезде, сақа атылады да, әлгі бала ойыннан шығып қалады. Тәйке түскен сақаны өзінен кейінгі кезекте тұрған бала атады. Бұл жерде мына бір жағдайды ескерте кеткен жөн. Көндегі асықты сақаның жатқан жерінде тұрып ату керек, ал тәйке түскен сақаны көнде тұрып ату керек, ал тәйкеге тигізе алмай қалса, онда атқан ойыншы ойыннан шығып қалады, демек көнге тіккен бір асығынан ұтылады.

Хан талапай

- Асықпен ойналатын ойынның тағы бір түрі — «Ханталапай». Балалар бұл ойынды үлкендердің басшылығымен ойнайды. Ойынға қатынасушы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хантаалапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі. Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Омпы

Асықты мұртынан немесе жамбасынан тұрғызуды «Омпы» дейді. Омпы ойынына 2-10 балаға дейін қатыса берулеріңе болады. Ара қашықтығы 10-20 адым (қалайларың бойынша) жерге екі көмбе сызындар. Әрқайсысың көмбенің тең ортасына белгіленген сызық бойындағы көнге екі асықтан тігіңдер. Ортасына бір асықты омпысынан тұрғызындар. Көмбедегі сызық бойына кезекке тұрып, қолдарыңдағы сақаларыңмен көнге тігілген асықтарды атып түсірулерің керек. Атып алған асықтарың өздеріңе қалады. Егер омпыға тигізсеңдер, көндегі барлық асықтарды аласындар.



**Назарларыңыз
үшін
рахмет!!!**